

«Ұлттық зияткерлік меншік институты» РМК 2018 жылғы қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері бойынша ақпарат

«ҰЗМИ» ШБҚ РМК (бұдан әрі - «ҰЗМИ» РМК) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ведомстволық ұйымы болып табылады.

«ҰЗМИ» РМК бюджеттік қаражаттарды тартусыз, Даму жоспарына сәйкес өз кірісі есебінен қаржыландырады.

Институт қызметінің мақсаты тауар таңбаларына, өнертобыстарға, селекциялық жетістіктерге, авторлық құқыққа, ерекше құқықтарға иелік ету жөнінде шарттарға, қорғау құжаттарын күшінде ұстау және зияткерлік меншік саласындағы мемлекеттік қызметтер сияқты зияткерлік меншік объектілерін құқықтық қорғау саласында жеке және занды тұлғаларға басты қызметтері бойынша сараптама қызметтерін көрсету, оның ішінде:

1. Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтарының мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді және олардың өзгерістерін енгізу;
2. Тауар таңбасын, селекциялық жетістіктерді және өнеркәсіптік меншікті, сондай-ақ, интегралдық микросхеманың топологиясын пайдалану құқығын беруді тіркеу;
3. Тауар таңбасын тіркеу;
4. Тауар белгілері, тауар шығарылған жерлердің атаулары мемлекеттік тізілімдерінен үзінді көшірмесін ұсыну;
5. Тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын тіркеу;
6. Өнеркәсіптік меншік саласындағы қорғау құжаттарын беру;
7. Интегралдық микросхемалар топологияларын тіркеу;
8. Селекциялық жетістікке қорғау құжатын беру;
9. Тауар таңбасына, селекциялық жетістіктерге және өнеркәсіптік меншікке, сондай-ақ, интегралдық микросхема топологиясына айрықша құқықтардың берілуін тіркеу.


«ҰЗМИ» РМК заңнамамен белгіленген мөлшерлер мен мерзімдерде таза табыстың бөлігін респубикалық бюджетке аударады.

«ҰЗМИ» РМК Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті құрастыруы Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамаға, Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес белгіленген уәкілетті органмен келісе отырып, «ҰЗМИ» РМК директорымен бекітілген Есеп саясатына сәйкес жүргізіледі.

2018 жылдың нәтижелері бойынша «ҰЗМИ» РМК кіріс бөлігі тауар таңбаларына, өнертобыстарға, селекциялық жетістіктерге, авторлық құқыққа, ерекше құқықтарға иелік ету жөнінде шарттарға, қорғау құжаттарын күшінде ұстау және зияткерлік меншік саласындағы мемлекеттік қызметтер сияқты зияткерлік меншік объектілерін құқықтық қорғау, жоғарыда көрсетілген мемлекеттік қызметтерді және тағы да басқа қызметтерді көрсету саласында жеке және занды тұлғаларға басты қызметтері бойынша сараптама

қызметтерін кәсіпорын Жарғысымен қарастырылған қызметтердің көрсетуден 1509,03 млн.тг деңгейінде құралды.

2018 жылғы зияткерлік меншік объектілері бойынша кірістер бөлігі



2018 жылғы шығын бөлігі «ҰЗМИ» РМК жарғылық қызметін және алдыға қойылған стратегиялық мақсаттар мен міндеттерін жүзеге асыруға бағытталған 1296,79 млн.тг деңгейінде құрастырылды

Қаржылық жыл нәтижелері бойынша 22,42 млн.тг құрылған таза кіріс бөлігі бюджетке аударылған.